

Ынтымақтастық Меморандумына қол қойылды

Өткен жұмада Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында екі оқу орыны арасында меморандумға қол қойылды.

Нақтырақ айтсақ, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы білім беру және ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды.

Басқосуда Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов алғы сөз сөйлеп, келген қонақтарға рахметін айтып, Академияның бүгінгі тыныш-тіршілігімен

таныстырып өтті. Қазіргі таңда Академия басқа да мекемелермен, халықаралық ұйымдармен және үкіметтік емес ұйымдармен көптеген келісім-шарттар, меморандумдарға қол қойып, қыруар жұмыс жасап жатқандықтарын да тілге тиек етті. Ал бүгінгі меморандумның болашақта екі жаққа да келтіретін пайдасы мол екендігін де жасырмады.

Академия бастығының сөзінен кейін Астана қаласындағы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы ректорының міндетін атқарушы аға әділет кеңесшісі Наиль Рафисович Ахметзакиров сөзін Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлын жоғары шен атағын алуымен құттықтаудан бастап, меморандум жайлы қысқаша түсіндіріп өтті.

Меморандумның қысқаша мазмұны

«Озық технологиялар мен оқытудың үздік әдістемелерін енгізу, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру. Уәкілеттік органның келісімімен тараптардың ғылыми-ақпараттық қорларына білім алушыларға, ғылыми-педагогикалық кадрларға мүмкіндік жасау» болып табылады.

Міне, осылай екі оқу орындары арасындағы бірталай уақыттағы түсінісушілік, тығыз әріптестік, ынтымақтастық қарым-қатынастар мен кездесулердің арқасында тағы бір меморандумға қол қойылып, өмірге келді.

**М. ОСПАНОВ,
ҚР ИІМ Ш.Қабылбаев ат. Қостанай
академиясының баспасөз хатшысы**



Полицейлердің әдебі

Баспасөзде, әлеуметтік желіде полицейлердің адамның құқығын бұзған әділетсіздіктері жайында жиі-жиі сөз болады. Әділетсіздік – қазіргі қоғамдағы белең алған, әсіресе адам санасына түскен жегі құрт секілді дерттердің бірі.

Әуел баста тергеуші не анықтаушы өз ісін әділ жүргізбегендіктен, жанама дәлелдерге құрылып, жазықсыз мойнына кінә тағылған айыпталушылардың дені күн өткен сайын көбейіп баратыны да қанша жасырғанмен төбесін көрсетіп қоймайтын көп шындықтың бірі. Елімізде заңның тиісті дәрежеде орындалуын қадағалайтын орган — Бас прокуратураның дерекқозына жүгінсек, көптеген азаматтардың әкімшілік не құқықтық жауапкершілікке заңсыз тартылғанын анық көруге болады. Бұдан — сотқа дейінгі сатыдағы, дәлірек айтқанда, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жүргізген тергеу амалдарындағы олқылықтан, қызметкерлердің кәсіби деңгейлерінің осал түсіп жатқанынан деген қорытынды шығаруға болады. Әділдік категорияларының негізгі қағидаттары осы жерде босаң тартуда.

Қазіргі күні қай салада болмасын мемлекеттік қызмет мекемелерінде әдебіліктің жетіспеушілігі буы бұрқырап тұрған өзекті проблемаға айналуға. Сот төрелігін атқаруда, сот өндірісінде, соттық, прокурорлық және тергеу органдарында адамгершілік нормаларын қатаң сақтап, оларды өз орнымен дұрыс қолдана білудің маңызы өте-өте зор. Жасалынған қылмысты ашу, қылмыскерді анықтау, оны ұстау, қылмысына қарай әділ жаза тағайындау, оның кейінгі өмірінде мәнді, мазмұнды ғұмыр кешуі қоғам мен адам мүдделерінің етене қабысқан өзара бірлігінен туындайды. Тергеу амалдарын атқаратын органдардың өз өкілеттілігін іс жүзінде жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтарын қозғап, белгілі бір тұлғаға мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылатыны аян. Азаматтың ар-ұяты, бостандық-еркіндігі, отбасындағы келісім үйлесімділігі, яки, бір сөзбен айтқанда, тағдыры қылмыстық істер бойынша шығарылатын тергеу қорытындысына тікелей байланысты. Ендеше қылмыстық істер бойынша тергеу қорытындысы заң және адамгершілік негіздерге сүйенуі абзал. Яғни, қылмыстық істерді тергеп, қылмысқа қарсы күрес шараларын қолдану заң

талаптарына ғана емес, сондай-ақ адамгершілік мұраттарға да қатаң сәйкес болуы қажет, басқаша айтқанда, күшті органдар алдындағы қызметтік мақсаттар заңды негізге ала отырып, адамгершілік жолдармен шешімін табуға тиіс. Тоты құс қанатына қарап түрленіп, аяғына қарап қорланады дейді. Ішкі істер органдарына қарап қорланатындай болмайық. Соңғы жылдары заңдылық, заң әділдігі бағытында қаншама жұмыс атқарылды.

Біздің зерделеу үшін сөз етіп отырған тақырыбымыздың күрмеуі қалың да күрделі-ақ. Бұл көп нәрсені тереңнен қамтуды керек ететін аясы кең. Қылмысты тергеу сатысында процессуалдық нормалардың, тактикалық және әдебітілік қағидаларының өзара үйлесімділігі тұрғысынан тергеуші қызметіндегі әдебі негіздерінің сырына үңілудің өзі түйінді жібі оп-оңай тарқатыла кетер, салмағы мысқалдай жеңіл мәселе деп айта алмас едік. Біз айтпасақ, кім айтар деген ой желеуімен, көпшілікке түсінікті болсын деп, тергеушілік қызметтің бір қырын ғана сөз еткіміз келеді.

Әдетте, өзінің қызметтік міндеттерін діндеген деңгейде атқарып жүрген тергеушінің жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті үш арнадан бастау алады. Бірінші арнасы — процессуалдық нормалар. Процессуалдық нормалар қылмысты тергеу барысында нені және қалай, қандай тәртіппен жүргізетінін баяндайды. Екінші бір арнасы — тактикалық ережелер құрайды; бұрыннан белгілі криминалистиканың ұсынымдары тергеушінің қылмысты із суытпай тез арада ашып, кінәліні анықтау мақсатында өзінің тактикалық жүйесін, әдіс-айла-тәсілін күні бұрын анықтап қоюына толықтай мүмкіндік береді. Ал үшіншісі — бұлақ көзіндегі бүлкілдеген таза тұнық әдебітілік қағидалары, әлеуметтік мораль талаптарынан туындап, тергеу жүргізілгенде қай тәсілді қолдану-қолданбауды саралауға, бағалауға түрткі болады. Осылайша көпті көріп көнекті тоздырған көнігі тергеуші бүтіннің екі жағындай, бірінсіз-бірі жоқ, аталған осы үш тоқтам-ереже-қағида басылыққа алып, өзінің атқарып отырған тікелей қызметін баянды етуі тиіс. Басқаша айтқанда, процессуалдық заң — мазмұн мен нысанды, криминалистика — тергеудің әдіс-тәсілін, ал судың тұнығындай әдебітілік нормалары — тергеуші қызметінің адамгершілік негіздерін айқындайды.

Бұл тоқтамдар бір-бірімен өзара тығыз байланысып, етене қабысып жатыр. Процессуалдық

нормалардың мән-маңызын жеткілікті дәрежеде ұғына алу, оны қажетті жерде иінді қолдана білудің өзі қылмысты ашу барысында іс-әрекетті иінді қолданудың жойқын кепілі болмақ. Көптеген процессуалдық нормалардың, соның ішінде ең бастылары: істің мән-жайына толық қанығып, жан-жақты зерттеу, айыпталушының заң бойынша қорғалуын қамтамасыз ету секілді қызметтік әрекеттің мән-маңызын айқындайтын мәселелердің моральдық аспектілерінің тамыры тым тереңге кетеді. Тергеушінің адамгершілік бейнесі қызметтегі адамдық нормаларын қылау түсірмейтіндей қатаң сақтаудан көрінеді. Мұның өзі қылмысты ашуда тергеушінің іс-әрекетін арттыру әрі алдын ала тергеу органдарының беделін нығайта түсі үшін аса қажетті фактор саналады. Бұл мәселелердің тек тергеушіге ғана емес, сонымен бірге судья мен прокурорға да тікелей қатысы бар. Тәжірибе көрсетіп жүргендей, процессуалдық жағдайлардың ерекшелігіне қарай олар (тергеуші, судья мен прокурор) белгілі бір адамгершілік нормаларын өз қызметтерінде әр қилы ұстанатынын байқаймыз.

Сөз жоқ, тергеуші үнемі қылмыспен күрестің ең алдыңғы шебінде жүреді. Сот әділдігін жүзеге асыру барысында қылмыспен әрі оны жүзеге асырған қылмыскермен өзгелерден бұрын бетпе-бет кездесетін де сол адам. Тергеуші үшін қылмыстың болған уақыты және қылмыс жасаған кінәлі адамдарды анықтау мақсатында заңда көрсетілген шараларды қолдану секілді қылмыстық сот өндірісінің негіздерінің айрықша маңызы бар. Ең бастысы өзіне жүктелген міндетті ойдағыдай орындау — тергеушінің бірден бір қызметтік міндеті мен адамгершілік парызы саналады.

Күнделікті тұрмыс-тіршілікте тергеуші қылмыстың ашылмауына мүдделі адамдардың белсенді қарсылығына ұшырайды, тәжірибе барысында көріп жүргеніміздей, табанының бүрі жоқ тергеушіні жолдан тайдыратын тосын жағдайлар тіптен асып жығылады. Арты дау-дамайға өкеп соқтыратын сондай әрекеттердің бәрі де тергеуші бойында үлкен адамдық негіздердің болуын талап етеді. Адамдық негіздер дегеніміз — тергеушінің бойындағы тылсым боп сақталып тұрған әрі аса нәзік, әрі аса жойқын, зияттылық (интеллектуалдық), этикалық, эстетикалық, тәжірибелік, тапқыр да талғампаз, албырт та асқаралы күш. Ол осыны сезініп, түсініп, толғанып, ізденіп, алмағайып өмірдегі өзінің төл әрекетіне

пайдалана білгені ләзім. Өйтсе де мұндай ерекше қасиет, өзгеше өрелілік тек көпті көрген, көргенін көкейінде өріп-түйген, көп оқыған, оқығанын тоқыған, қол жеткізгеніне мақтанбаған, арамдық ойлап ластанбаған, байлық пен дүмше дәулетке белшесінен батпаған, кіршіксіз таза, өрен де өршіл ой иесінің ғана қолынан келмек. Жасыратыны жоқ, тергеуші бейнесін осындай өлшем тұрғысынан көргіміз-ақ келетіні кәдік. Өйткені тергеушінің жұмысы көп қырлы да күрделі болып келеді. Олар, бейнелеп айтқанда, тіршіліктің тас диірменінде әбден тартылған адамдар. Заңгер ғалымдардың бір тарабы тергеушінің қызметіне байланысты үш негізгі функцияны атап өтеді, бұлар: «қылмыстық ізге түсу немесе айыптау, қорғау және істің шешілуі» десе, екінші біреулері: «тергеуші қызметінің барлық қыр-сырын қылмысты тергеу делінетін бір-ақ функция қамтиды» деген уәж айтады. Бұл мәселе өз алдына бөлек әңгімені қажет ететіндіктен, бұл жерде оны кеңінен қарастыруды жөн көрмедік. Біз үшін ол міндет те емес. Өйтсе де, алдын ала тергеуде өз алдына бөлек айыптау немесе қорғау функциясы әлі де болса айқындалмай тұрған кезде (өйткені әр сатыдағы тергеу амалдарына қатыса бермейтіндіктен), тек тергеушіге ғана мән-жағдайлардың ауанына қарай ауырлататын не жеңілдететін кінәліні не сезіктіні айыптайтын не ақтап шығатын міндет жүктеледі.

Әсілінде, қылмысты анықтауда белсенділік пен тегеурінділік танытатын, сезіктіге бейтарап болып, оның құқықтарын қорғалуын қамтамасыз ететін тергеушінің алдына күрделі мәселелер тұрады. Адам тағдырын шешуде оған шексіз билік берілген. Ендеше алдын ала тергеудің жариялылығы, соған орай тергеушінің қай бір әрекетіне сын айту мүмкіндігі шектеулі болғандықтан, қызмет бабындағы оның жіберген қателері мен адасулары үлкен зардаптарға соқтыруы мүмкіндігін жоққа шығара алмаймыз. Мұндай қателіктерді болдырмау үшін тергеуші тек заңға ғана бағынып, ұдайы адамгершілік қағидаларын берік ұстануы керек.

«Қызметтік ережелер тәп-тәуір болғанымен тәжірибесі, адами қасиеттері аз адамдардың қолында ол өзінің күшін жоғалтады» — деп әйгілі адвокат А.Ф. Конидің жазуы тегін емес. Сондықтан да тергеушіге үлкен адамгершілік мұраттарды ұстану талабы қойылады. Оның моральдық жағынан таза болуы, өз қызметінің әлеуметтік мәнін жете

ұғынып, тергеу нәтижесіне деген жеке азаматтық жауапкершілігі, күрделі де қиын жағдайда дұрыс жолды таңдауында септігін тигізеді. Бірден бір айқын жол — қызметінде заңды сақтай отырып, адамгершілік парызы бойынша атқаруы ләзім.

Бір дәуір емес, ұзақ жылдар тудырған, ұрпақтан ұрпаққа беріліп, үнемі өзгеріп, түлеп, байып, дамып отырған тергеу әдебі — құқық қорғау қызметкерлерінің кәсіби әдебінің сипатын айрықша терең танытатын ғажайып құбылыс. Тергеу әдебінің проблемалары гуманистік идеялармен, педагогикалық тағлымдармен сусындалады.

Қылмыстық іс тергеуіндегі басты кейіпкері — тергеуші. Сондықтан біз ең алдымен адамның жайын әбден біліп алуға міндеттіміз. Өйткені, тергеушінің жайын, оның ішкі бұғып, тұнып жатқан жұмбақ қасиеттерін егжей-тегжейлі біліп алсақ, тергеудің тылсым сырларына көзіміз ашылып, қанығар едік. Ал, тергеушінің түпкі тұтқасы — оның Адамгершілігі. Адамгершіліктің ғылыми, философиялық анықтамасында — әдебі тұр.

Тергеуші көпті көріп, көнекті тоздырса да қатардағы адам секілді өзінің бойындағы туа бітер дарқан даналықты біле бермейді, сезбейді, өйткені өзінің ойын оятпайды. Осы тұрғыдан ақын әрі педагог Ә. Нәлібаев былайша ой түйетіні бар: «Адам түйсігін түрткілеп, ізденбейді. Тіпті осы күнде білгір тұлғаларымыз да осынай ой жетпес, ой жетсе де тіл жетпес өзінің тылсым тереңін түсінбейді. Адам өзін-өзі ұқпайды. Адам өзін-өзі әлі де тереңдеп танымайды. Сол танымның таяздығы себепті адам өзінің осал тұстарын түсінбегендіктен, өзінен өзі ұялмайды. Міне, осынау өзін-өзі шектеулік адамды алға қарай бастырмайды». Міне, осы секілді пайымдарды тергеушіге қатысты айтар едік. Сөз жоқ, әдепті тергеуші ешқашан да дүниеқоңыз болмайды. Ол жақсылық, игілік жағындағы адам. Ойлап тұрсақ, бүкіл өмір әдептілік мүмкіндігінің қайнар көзі іспетті. Тек қызметте адамға деген ниетің түзу болсын. Сезіктінің, айыпталушының заңмен қорғалуын ұмытпаған абзал. Заңдағы кінәсіздік жорамалын (кінәсіздік презумпциясы) үнемі негізге алып отырған жөн. Өйтеуір адамдықтан айныма. Арамдық жолға түспе. Ішкі дүниеңді, жан-сезіміңді арамдыққа, өзімшілдікке, өркөкіректікке билетпесең болғаны. Әдебі — күнделікті күн тәртібінен түспес парасаты мол пайымды мәселе дейтініміз сондықтан.

**Елеужан СЕРІМОВ,
полиция полковнигі**

Оқу орталығында облыстық конференция өткізілді

СОТ ЗАЛЫНАН

Жақында, мамыр айының бас кезінде Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) «Жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің және жол қозғалысына қатысушылардың тікелей байланыстарын барынша азайтудың өзекті көріністері: мәселелері және оларды шешудің жолдары» тақырыбы бойынша облыстық конференция өткізілді.

Конференцияда жол қозғалысына қатысушылармен байланысты болдырмау бойынша аймақтағы қолданылатын тәжірибелік шараларды, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың негізгі ережелерін қарастыру, мемлекеттік органдардың тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесі шегінде құқық қорғау органдардың қызметін бағалау мәселелері талқыланды.

Аталған іс-шараның тақырыбы өзекті болып келеді. «Бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадам – ұлт жоспарында» сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту туралы да айтылған.

Облыстық конференцияның жұмысына: Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қ.) бастығы полиция подполковнигі Талғат Амангелдіұлы Меңдібаев., ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлық және оның алдын алу басқармасының жетекшісі Ерлан Сәкенұлы Сейполдаев, «Нұр Отан» партиясы Қостанай облысы филиалының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қоғамдық кеңес мүшесі Жұмахан Сейдалыұлы Қалисов, Қостанай облысы ІІД жергілікті полиция қызметінің жол қозғалысына бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция подполковнигі

Айгүл Мұханбетжанқызы Бекмағанбетова., Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының әкімшілік құқық және әкімшілік қызмет кафедрасының аға оқытушысы отставкадегі полиция подполковнигі Сергей Васильевич Корнейчук, аталған академияның ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері полиция подполковнигі Дилара Тоқтарқызы Меңдібаева, Қостанай облысы ІІД өзіндік қауіпсіздік басқармасының аға жедел өкілі полиция подполковнигі Гүлмира Есенғұлқызы Жаңабекова, Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.) әлеуметтік және жалпы құқықтық пәндер циклының оқытушысы полиция подполковнигі Алмагүл Оралбайқызы Медібаева, Оқу орталығының оқытушылар құрамы және Қостанай облысы ІІД жол-патрульдік полиция қызметкерлері қатысты.

Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қ.) бастығы полиция подполковнигі Талғат Амангелдіұлы Меңдібаев конференция қатысушыларына құттықтау сөзін арнады, ол өз сөзінде аталған іс-шара барысында міндетті түрде жол қозғалысына қатысушылар мен жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің байланысын болдырмау бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу қажет, сонымен қатар ішкі істер органы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын сақтау бойынша аймақта қолданылатын шараларды қарастыруды ұсынды.

Қостанай облысы бойынша мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің сыбайлас жемқорлық және оның алдын алу басқармасының жетекшісі Ерлан Сәкенұлы Сейполдаев өз сөзінде, жақынуақытта Қостанай қаласында басқарма қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылықтар салдары

жиі анықталған аймақтардың жолдарын белгілейтін, арнайы сыбайлас жемқорлықтың қауіп-қатер картасы дайындалатынын айтып кетті.

«Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қоғамдық кеңес мүшесі Жұмахан Сейдалыұлы Қалисов: осы кезге дейін біз сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы айтып келсек, енді басты идеологиялық құжатқа сәйкес біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жайында сөз қозғаймыз. Бұрын сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат кінәлі адамдарды анықтап және оларды жауаптылыққа тартса, ал қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықтың мағынасының екінің бірі жемқорлықтың алдын алуға және оны ескертуге бағытталып отыр. Жол полициясы қызметкерлерінің жол қозғалысына қатысушылармен қарым-қатынасы заңдылықты қатаң сақтауда, өз міндеттерін нақты орындауда, табандылықтың үйлесуіне, құқық бұзушылықтың алдын алуға және жолын кесуде азаматтарға деген ілтипатты, инабатты және мейірімді қарым-қатынас негізінде жүзеге асырылады.

Қостанай облысы ІІД жергілікті полициясының қызметінің бөлім бастығы полиция подполковнигі Айгүл Мұханбетжанқызы Бекмағанбетова өз сөзінде жақынарада жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері мобильдік және қолайлы бейнетіркеуштермен толықтай қамтамасыз етілетіндігін кске салды. 2017 жылы жергілікті полиция қызметінің қызметкерлері үшін 132 қолайлы бейне тіркеуіш, 30 мобильді тіркеуіш және гаджеттерден ақпараттарды жүктеп алу үшін 26 апараттық-бағдарламалы кешен сатып алынды. Жаңа техника өзінің тиімділігін көрсетті. Жыл басында бейнетіркеуіштердің арқасында 1212 әкімшілік заңнаманың бұзылуы тіркелді. Сонымен қатар, жергілікті полицейлер қызмет

барысында қолдану үшін «Кречет –С» 8 стационарлық кешенін сатып алу жоспарланып отыр. Кешендер облыстық жол қозғалысындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды автоматты түрде анықтайды және тіркейді. Сондай-ақ, жол қозғалысы тәртібінің бұзылуын автоматты түрде тіркейтін 30 радар-камерасын орнату жөніндегі мәселелер қарастырылууда.

Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.) әлеуметтік және жалпы құқықтық пәндер циклының оқытушысы полиция подполковнигі Алмагүл Оралбайқызы Медібаева Оқу орталығының арнайы алғашқы оқыту курсына дағу тағылымдамашыларды оқытуда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы меңгеруге көп уақыт бөлінеді. «Әлеуметтік жалпы құқықтық даярлық» пәні бойынша «Сыбайлас жемқорлық (қылмыстық және әкімшілік) құқық бұзушылықтар» тақырыбы, қосымша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» заңнамасын меңгеру бойынша факультативтік сабақ жүргізіледі, сонымен қатар үнемі Қостанай облысы ІІД-нің өзіндік қауіпсіздік басқармасының және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша департаментінің тәжірибелік қызметкерлерімен кездесулер өткізіледі деді.

Облыстық конференцияның қорытындысы бойынша жол қозғалысына қатысушылар мен жол-патрульдік полиция қызметкерлерінің өзара байланыстарын болдырмау мәселелері бойынша бірқатар нақты ұсыныстар ортаға салынды. Конференцияның қатысушылары қарастырылған тақырыптар бойынша көптеген қосымша ақпарат алды.

Г. ДОСТОЯРОВА,
ҚР ІІМ Оқу орталығы
(Қостанай қ.)

Медиация жүргізудің нәтижесі

Қостанай облыстық сотында тараптар арасында медиация жүргізу нәтижесінде азаматшаның банктік несие бойынша қарызы 21 миллион теңгеге дейін төмендетілді.

Қостанай облыстық соты «Forte Bank» АҚ-ның азаматша Нина Чаюковаға банктік несие беру туралы екі келісім-шарт негізінде 37 870 656 теңге қарызын өтеу туралы шағымы бойынша азаматтық істі қарады. Несие доллар түрінде алынған. Азаматшаның негізгі қарызы 16 млн. теңгені құраған, ал 21 млн. теңге қарызды уақытылы төлемегендіктен қосылған үстемақы сомасы.

Науқастанған жауапкер сот отырысына келе алмады. Ол Ресей Федерациясында ем қабылдауда. Сотқа оның өкілі ретінде қызы қатысты. Оның мәлімдеуінше, қаржылық қиындықтар салдарынан банктік несиелерді төлеуді тоқтатқан.

Облыстық сотта тараптар дауды судья медиатордың көмегімен медиация тәртібімен реттеу туралы тілек білдірген. Нәтижесінде, соттың ұйғарымымен дауды сот медиациясымен реттеу туралы келісім бекітіліп, оның шарттары бойынша банк несиеге қосылған үстемақы сомасынан бас тартты.

Азаматша Н.Чаюкова банктің шағымы бойынша 51,5 мың АҚШ доллары, яғни, 16,5 млн. теңге мөлшеріндегі негізгі қарыз сомасын мойындады.

Осылайша, Даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобасы аясында банктік несие дауына қатысты жүргізілген медиация нәтижесінде азаматшаның қарыз сомасы 38 млн. теңгеден 16,5 млн. теңгеге дейін азайтылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Бітімгершілікке келді

Жол-көлік оқиғасында анасынан айырылған Қостанай тұрғыны сотта көлік жүргізушісімен бітімгершілікке келді.

Жол-көлік оқиғасы салдарынан анасы қаза тапқан Қостанай тұрғыны маршруттық автобус жүргізушісінен жазалау үшін азаматтық тәртіпте сотқа жүгінген.

Жолдан өтпек болған 78 жастағы зейнеткерді автобус соғып, ол жарақат салдарынан ауруханада қаза тапқан. Жүргізушінің кінәсі өз дәлелін таппай, оқиға бойынша қылмыстық іс оның әрекетінде қылмыстық іс нышаны болмауына орай тоқтатылған. Алайда, азаматша соттан әлеуметтік әділеттілік үшін жүргізушіден моральдық залал өніруді сұраған.

Ағымдағы жылдың 4 қаңтарында орын алған қайғылы оқиғадан тоғыз ай бұрын жұбайы қаза болған азаматша үшін бір жылда екі жақын адамынан айырылу үлкен соққы болған. Денсаулығына нұқсан келген. Қолында бірі студент, бірі мектеп оқушысы болып табылатын екі бала қалған. Анасы өзіне сүйеу болып, моральдық әрі материалдық көмек көрсетіп тұрған екен.

Істің сотта қаралуы барысында тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы тілек білдірген.

Нәтижесінде, тараптар медиативтік келісімін бекітіп, оның шарттары бойынша жауапкер 2018 жылдың 15 қаңтарына дейін 500 мың теңге моральдық залалды өтеу міндетін алды. Ал талапкер жауапкерге қойған талаптарынан бас тартады.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Қостанай облыстық сотының
баспасөз қызметі

Өрт қаупі бар кезеңге дайынбыз!

Федоров ауданында «Қазақстан Республикасы ІІМ ТЖК Қостанай облысы Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесінің және Челябин облысы бойынша Ресей ТЖМ Бас басқармасының жедел топтарының командалық-штабтық жаттығуы аяқталды.



Жаттығу «Ірі көлемді орман және дала өрттерімен байланысты трансшекаралық төтенше жағдайлардың салдарын жою және алдын алу бойынша жедел топтардың жұмысы және өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру» тақырыбымен өтті.

Жаттығудың басты міндеті бірлескен іс-қимылдарды пысықтау және трансшекаралық ТЖ туралы ақпарат беру бойынша жедел кезекші қызметтердің практикалық дағдыларын жетілдіру болды.

Аңыз бойынша осы айдың 16 мен 17 аралығында Федоров ауданы Кеңерал а. ауданында құрғақ найзағайдың соққысынан бірнеше от ошақтары пайда болған. Өрттер тез таралып, өрби түсті, соның нәтижесінде өрт аймағында шартты елді мекен пайда болды. Соның салдарынан өрттің көршілес Ресей Федерациясы Челябин облысының аумағына таралу қаупі туды. Орман алабындағы өртті сөндіруге бірінші болып Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат

пайдалануды реттеу басқармасының Усаковский орманшылығының қызметкерлері кірісіп кетті. Ары қарай өрттерді сөндіруге күш және құралдарды өсіру барысында іргелес ЖШС, шаруа қожалығы, Жыланды және Кеңерал а. халқы, жергілікті атқарушы органдар жұмылдырылды. Адамдардың өмірін және денсаулықтарын сақтап қалу мақсатында Федоров ауданының әкімдігі шартты елді мекеннен халықты көшіруді ұйымдастырды. Тонаушылықты болдырмау үшін полиция қызметкерлерімен қоршау жасалды. Жану орнында өзігіннен оқиға орнынан шыға алмайтын зардап шеккен адамның болуы жағдайды одан сайын күрделендіре түсті, алайда Апаттар және медицина орталығының жедел іс-қимылдарының арқасында ол эвакуацияланып, қауіпсіз жерге көшірілді. Өртті сөндірудің барлық кезеңдерінде өртті сөндірумен, адамдарды құтқарумен және т.б. айналысқан негізгі күштер және құралдар болып «Қостанай облысы ТЖД

ӨС және АҚЖҚ» ММ жеке құрамы танылды. Ресей және Қазақстан өрт сөндірушілерінің бірлескен әрі үйлесімді іс-қимылдарының арқасында өрт қысқа мерзімде оқшауланды және жойылды.

Жаттығуға қатысқандар: «Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ» ММ, Челябин облысы бойынша Ресей ТЖМ Бас басқармасы басқармасының жедел тобы, Челябин облысы бойынша Ресей ТЖМ Бас басқармасы басқармасының жылжымалы пункті, АМО және жергілікті атқарушы органдар. Қатыстырылған техниканың жалпы саны: техниканың 20 бірлігін және жеке құрамның 95 адамын құрады.

Барлық қызметтердің іс-қимылдарына Қостанай облысы ТЖД бастығының орынбасары полковник В.Э. Шиллер жетекшілік етті – «Бірлескен командалық-штабтық жаттығулар жыл сайын өткізіледі, және олар өте маңызды, өйткені әрқайсысы жедел жағдайларға дайын болып, өз іс-қимылдарын пысықтаулары, өрішын мәнінде дабыл болған жағдайда еш дүрбелеңсіз іс-қимыл жасаулары тиіс».

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілді, ал қызметтердің іс-қимылдары «жақсы» деп бағаланды.

«Қостанай облысы
ТЖД ӨС және АҚЖҚ» ММ
баспасөз-қызметі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru